2026–2027 оқу жылы
«Әлихан Бөкейхан атындағы лицей-мектебі» КММ

Тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұйымдастыру, тамақтану сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері

АНЫҚТАМА

Қараша айында мектепте білім алушыларды сапалы және қауіпсіз тамақтандыру бағытындағы жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілді. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларды тегін тамақпен қамту, бастауыш сынып оқушыларының тамақтануын ұйымдастыру және асхана қызметінің сапасын бақылау жұмыстары жалғастырылды.

Мақсаты

Оқушылардың сапалы әрі құнарлы тамақтануын қамтамасыз ету, әлеуметтік жағдайына байланысты көмекке мұқтаж балаларға қолдау көрсету және мектеп асханасында қауіпсіз тамақтану ортасын қалыптастыру.

Міндеттері

- 1–4 сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету;
- аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың тамақтануын ұйымдастыру;
- оқушылардың тамақтану сапасын тұрақты бақылау;
- ас мәзірінің бекітілген талаптарға сай орындалуын қадағалау;
- дайын тағамдардың сапасы мен мөлшерін тексеру;
- асханадағы тазалық пен санитарлық талаптардың сақталуын бақылау;
- білім алушылардың дұрыс тамақтануына қолайлы жағдай жасау.

Атқарылған жұмыстар және қамту көрсеткіші

Қараша айында мектепте тегін тамақтандыру жұмыстары жалғасын тауып, 1–4 сыныптың 431 оқушысы толықтай тегін тамақпен қамтамасыз етілді.

Әлеуметтік жағдайына байланысты қолдауды қажет ететін аз қамтылған отбасылардан шыққан 25 оқушы тегін тамақпен қамтылды. Оның ішінде:

- 1–4 сынып – 13 оқушы;
- 5–11 сынып – 12 оқушы.

Бұдан бөлек, 3 оқушы арендаторлық тамақтандырумен қамтылды.

Оқушыларды тамақпен қамтамасыз ету барысында олардың тамақтану жағдайы назарда ұсталып, асханадағы тағамдардың бекітілген мәзірге сәйкес дайындалуы мен ұсынылуы қадағаланды.

Тамақтану сапасына жүргізілген мониторинг

Қараша айында білім алушылардың тамақтану сапасын жақсарту мақсатында асхана жұмысына тұрақты мониторинг жүргізілді. Күнделікті дайындалатын тағамдардың бекітілген ас мәзіріне сәйкестігі және оқушыларға ұсынылу сапасы тексерілді.

Бақылау жұмыстары келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- тағамдардың бекітілген ас мәзіріне сәйкес дайындалуы;

- тағамдардың сапасы мен сыртқы көрінісі;
- тағамдардың уақытылы таратылуы;
- асханадағы санитарлық-гигиеналық жағдай;
- оқушыларға берілетін тағамның мөлшері мен сапасы.

Мониторинг барысында асханадағы тамақтандыру тәртібі назарда ұсталып, оқушыларға сапалы әрі қауіпсіз тағам ұсынылуына бақылау жасалды.

Нәтижесі

Қараша айының қорытындысы бойынша 1–4 сыныптың 431 оқушысы тегін тамақпен 100% қамтамасыз етілді. Сонымен қатар әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылардан шыққан 25 оқушы, оның ішінде 13 бастауыш және 12 жоғары сынып оқушысы тегін тамақтандырылды. 3 оқушы арендаторлық тамақтандырумен қамтылды.

Ай бойы асханадағы тамақтану сапасына мониторинг жүргізіліп, тағамдардың бекітілген ас мәзіріне сәйкестігі, сапасы, мөлшері және уақытылы берілуі бақылауда болды.

Қараша айында мектепте тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде жүргізілді. Білім алушылардың сапалы тамақтануын қамтамасыз ету, әлеуметтік қолдауды қажет ететін балаларды қамту және асханадағы санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын бақылау жұмыстары тұрақты түрде жалғастырылды.

Әлеуметтік педагог **Есенғали Д.Қ.**

БТЖО **Қазбек А.О.**